

Мадыханова Кундыз Адилхановна, к.э.н., доцент  
УО «Алматы Менеджмент Университет»  
Алматы, Республика Казахстан

## БАНКТИҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ТАЛДАУ

Банктің қаржылық тұрақтылығы, активтердің сапалылығымен, капиталдың жеткілікті болуымен және қызметтің тиімді болуымен бағалануы мүмкін. Егер коммерциялық банктің капиталы тұрақты, баланстары орнықты, төлемге қабілетті және капитал сапасына қойылатын талаптарды қанағаттандыратын болса, онда бұндай коммерциялық банктің жағдайы тұрақты деп саналады.

Банктің қаржылық тұрақтылығы анықтамасындағы мәні сол банктің өзінің жабдықтарына қарай беріледі. Банктің қаржылық тұрақтылығы дегеніміз оның деструктивті ауытқуларға қарсы тұра білуге қабілеттілігі, сонымен қатар жеке және заңды тұлғаларды өздерінің ақшалай қаражатын банкке салуға тарту бойынша және олардың банктен өз есеп шоттарын ашуы бойынша операцияларды орындайды, сонымен қатар өз есебінен мерзімдік және қайтарым төлемдері шарттарын өз атынан салу операцияларын орындайды.

Қаржылық тұрақтылық нарықтық экономика жағдайындағы коммерциялық банктің қаржы қызметінің маңызды сипаттамасы болып саналады. Оны қамтамасыз ету коммерциялық банктің өткір мәселелерінің бірі болып табылады. Егер коммерциялық банктің қаржылық жағдайы тұрақты болса, онда ол банк өзге де коммерциялық банктердің алдында бәсекеге қабілеттілігімен ерекшеленеді, сонымен қатар қосымша ресурстарды тарта отырып бұрынғы және қазіргі нарық аясында басымдық таныта алады, соған сәйкес инвестициялық салым саласын кеңейту барысында жаңа дәстүрлі емес қызмет түрлерін менгеруге мүмкіндігі бар [1]. Бұдан басқа, банктің қаржылық тұрақтылығы жағымды сыртқы ортаны құрайды, яғни мемлекет пен қоғам арасындағы қарым қатынасты жағдайды шиеленістірмейді, осылайша өз уақытында және толық көлемде бюджетке салық төлейді және бюджеттік емес қорлар, жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысын, акционерлердің дивиденттерін, несие алушылардың қарыз ақшаларын қайтарады. Коммерциялық банк қызметі өзара байланысқан процестер кешенінен тұрады, олар көптеген және әртүрлі факторларға байланысты орын алады. Егер қандай да бір фактор қарастыру тізбегінен ажырайтын болса, онда ықпал ету бағасы басқа да қабылданған фактор есебіне жатады, сонымен қатар қорытындының дұрыс болмауына байланысты тәуекелге барады.

Өзара тығыз байланысқан осындай факторлар коммерциялық банктің өміршеңдігіне сирек әсер етуге бағытталған: бірі – оң, басқасы – теріс, осыған байланысты ол шұғыл түрде қаржы нарығында өз стратегиясын және әдіс тәсілдерін өзгертуі тиіс, сонымен қатар кері әсерін тигізетін факторларды да ескеріп отыру қажет. Осындай жағдайларда коммерциялық банктердің тығырықтан шығуына мүмкіндіктері бар, олар өздерінің жасаған потенциалын осындай факторлардың тигізетін кері әсерін жеңілдетеді және экономикалық ортадағы шығынды азайтады. Коммерциялық банктердің тұрақтылық факторлары туралы айтқанда бәрінен бұрын ішкі және сыртқы факторлар қарастырылады, бірақ дегенмен оларды келесі түрде жіктеу қажет, ол 1- кестеде көрсетілген.

Факторлардың кез-келген жіктелуі белгілі бір мақсатқа қызмет етеді. Пайда болу әдістері бойынша жіктелу маңыздырақ деп саналады. Сондықтан ішкі және сыртқы факторларды нақтырақ қарастырып өтейік.

Кесте 1. Банктің тұрақтылығына ықпал ететін факторлардың жіктелуі

Жіктелу белгілілері	Факторлар
Пайда болуы бойынша	Ішкі және сыртқы
Әсер ету уақыты бойынша	Тұрақты және форс-мажорлық
Нәтижесінің әсер етуі бойынша	Негізгі және қосалқы
Құрылымы бойынша	Негізгі және қосалқы
Әсер етуі бойынша	Оң және теріс
Мазмұны бойынша	Саяси, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық
* Ескерту – зерттелген материал негізінде [2] автормен дайындалды	

Экономикалық ортада коммерциялық банктің тұрақтылығының қалыптасуын анықтайтын факторларды нақтылаудың қажеттілігі, стратегиясы мен әдіс тәсілдерін жасау қажеттілігіне шартталған. Коммерциялық банктердің тұрақтылық сұлбасына сәйкес ішкі және сыртқы факторлар анықталады. Сонымен қатар сыртқы факторлар коммерциялық Банктің жұмысына байланысты емес, ал ішкі факторлар болса Банктің тиімді қалыптасуын бейнелейді.

Банктердің жаппай банкротқа ұшырауы кезінде шешуші рольді сыртқы фактор атқарады, ол өзара байланысқан факторлардың жиынтығынан тұруы ықтимал.

Қаржы тұрақтылығының факторы ретінде қоршаған орта өсу тенденциясының нығаюымен, дамыған елдердегі экономикалық белсенділікті қалпына келтірудің тәуекелдерінің төмендеуімен және дамушы елдердің динамикасының баяулауымен сипатталады. Әлем нарығындағы сілкіністердің төмендеуінен болатын жақсы белестер дамушы



елдердің қаржылық жағдайының каталданып кетуіне ұласады, сонымен қатар ол әлемнің негізгі экономикасы ақшалай-несиелік саясатының да өзгеруіне әкеледі. Осыдан келіп, эконимикалық агенттердің валюталық көзқарасының өзгеруі мен капиталдардың кетуі дамушы елдердің валюта бағасына қысым көрсете бастайды. Қазақстанның үлкен сауда серіктесі болып табылатын Ресей экономикасы да ерекше бола алмайды, онда да инвесторлар жағынан қойылатын ішкі құрылымдағы активтердің бағасы олардың ақшасының көтерілуіне байланысты болады.

Қаржылық тұрақтылықтың ішкі факторларының әлеуетті тәуекелдері экономикалық өсудің үлгілерін жасайды, ол барынша тұтынушы сұранысына негізделеді, яғни ішкі сұраныс пен инвестиция тартуға негізделеді. Сонымен қатар, жеке үнемдеулердің жетіспеушілігінен, мемлекет пен банктердің ішкі талаптарындағы оларды қолданудың төмен қайтарымы, және де басқа осыған сәйкес талаптар, Ұлттық Банктің алтын валюталық қорының жеткілікті болуына қысым көрсетеді [3].

Сонымен қатар, бұған қаржылық нарықтағы төмен тереңдік пен валюталық және ақшалай сегменттердегі ресурстарды қайта таратулардың белсенділігі ықпал етеді, оның қатысушылардың осы өзгерістерге осалдығы, олардың осы қиын шақтарда барынша белсенді болуы талап етіледі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 2015 жылғы банк жұмыстарының қаржылық тұрақтылық туралы нәтижелерінің Есебіне қарасақ, қарыз беру портфелінің өсу қарқыны активтерінің сапасы мен ережелерді қамту деңгейіне байланысты болып тұр, сонымен қатар, банк концентрациясының банк бизнестері немесе олардың қор беру көздерінің бағыттарына байланысты. Орта және ұзақ мерзімдегі даму кезінің табыс көзіне қарасақ, үлкен нәтижелерді актив сапасы жоғары, несиелеу бағыттары айқын төмен пайдадағы ликвидтік активтері бар банктер алда тұр, сонымен қатар, ұлттық валютадағы жинақтық қорларымен қызықтырушы банктер де алда озық тұр.

Қаржылық сектордың көмегімен жинақталатын экономикалық орта, қарыз алушылардың жоғары кредиттік тәуекелдерімен сипатталуын жалғастырып келеді.


Қарыз беруші портфелінің құрылымындағы жұмыс жасамайтын қарыздардың үлкен деңгейі кредитті тарату белсенділігін дамытуда банк мүмкіншіліктерін ұстап тұрады.

Банктер амал жоқ резервтер құруға жағдай жасайды, яғни ресурстарын қосымша капиталдарға бағыттауға күш салады. Егер қарыз алушылар болмаса, яғни қарыз беруші портфельдердің жұмыс істеуі баяулап кетсе, онда банк «ескі» қарыз беруші портфельдерін қолға ала бастайды. Мұндай банктерде қиыншылықтар жиналып қалады, басты жағдайда, ол дағдарыстан бұрын немесе дағдарыстан кейінгі кездерде байқалады. Банктің қарыз беруші портфелінің даму қарқынына қарап, олардың тым жас банк екенін, немесе олардың пайдасының аз екенін көруге болады (жана қарыз берумен айналысады).

Жасырын емес, табыс көруші банктер мен қарыз беруші портфельдің сапасының арасындағы өзара байланыс, сонымен бірге жұмыс жасамайтын қарыздардың жоғары үлесі банкті тағы да операциялық қосымша шығыстарды көтеруге мәжбүр болады (1-сурет).

Айта кету керек, қарыз беруші портфельдердің кредит берудегі жеке саласындағы концентрациясының жоғары деңгейі (бір немесе үш саладағы кредит беру 75%-дық үлесті құрайды) қарыз беруші портфельдің өсуіне де, сонымен бірге банк табысының көрсеткіші бойынша да нашар нәтижелерді береді.

Кіші және орта бизнесті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына қарамастан, оның экономикалық дамуға, инвестицияға және экспорттық түсімдерге қосар үлесі бұрынғыша жай, өнімдерді шығару қарқыны да баяу өсуде (2014ж. – 0,21%-ға, 2015ж. – 3,32%-ға). Сонымен қатар, сапалы қарыз алушылар саны да шектеулі – шағын және орта бизнестегі өнеркәсіптің 1%-ы ғана өнімнің 2/3 бөлігін шығарады.



Сурет 1. 2015 жылғы ҚР екінші деңгейлі банктерінің NPL үлесі мен ROA өзара динамикасы

\*Ескерту – зерттелген материал негізінде [3] автормен дайындалды



NPL – несиелік портфельдегі мерзімі өтіп кеткен берешектің жиынтық көлемін сипаттайтын көрсеткіш.

ROA – активтердің рентабельділік көрсеткіші.

Көріп отырғанымыздай, өте ауқымды, орта және шағын өнеркәсіптердің несиелік ресурстарға сұраныстары банк тарапынан ұсыныстарды өте жоғарылатып жібереді.

Банктердің несиелік қайта бағдарлары жеке табыс көзіне айналып отыр, оның ішінде тұтынушыларды тарту және оларды несиелеу бәрінен бұрын банктердің бастапқы тенденциясына айналып отыр. Осыған байланысты, Қазақстандағы осыншама қарыз жүктемесі мен тұрғындарды несиелендіру мазасыздық тудырғанымен, осыншама қарыз алушылардың төлем көлемі де өсіп отыр, бәрінен бұрын қамтамасыз етілмеген тұрғындарды несиелеу саласы болып отыр.

Банктердің негізгі қорларының қайнар көзі болып сатып алушылардың салымы болып отыр, мұнда банк 48,5%-дан 97,7%-ға дейін өз үлестерін алып қалады. Бірақ несие активтері мен салымдардың үлесінің байланысын байқауға болады.

Жеке тұлғаларға банктер өздерінің талаптарын ұсына отырып, осы талаптарының арқасында өз қорларының тұрақтылығын көтеріп алады, осылайша жеке тұлғалардың банк бағаларының құбылмалығын сезе бастағаннан, бұл түр қордың құбылмалығын көрсетіп тұрады.

Соңғы жылдарда банктерде қайта құрулардың әр түрлі әдістері мен құралдарын енгізу мәселесі өзекті болып келеді. Халықтың отандық банк секторына деген сенімді арттыру, банкроттылығы жағдайында салымдарын барынша көп бөлігін өтеу мәселесі туындап отыр. Қайта құрулар қазақстандық банктердің несиеқабілеттілігі мен төлемқабілеттігін тез арада қалпына келтіруге септігін тигізеді.

Банкті ұтымды қалпына келтірудің, қайта құрудың немесе бар құрылымдарды жетілдірудің пайдалы 6 негізгі компоненттерін көрсетуге болады:

- 1) жетілген заңнама;
- 2) депозиттерді кепілдендіру қоры;
- 3) күшейтілген банктік бақылау;
- 4) нысандандырылған рәсімдер(процедуралар);
- 5) қайта құру жоспарын жүзеге асыра алу мүмкіндігі;
- 6) банктің капиталдандыру қоры;

Мұндағы, алғашқы бес компонент банктік қайта құрудың елеулі элементтері болса, банктің капиталдандыру қоры – пайдалысы, бірақ міндетті емес болып табылады.

Қорыта айтқанда, ҚР екінші деңгейлі банктерінің қаржылық тұрақтылығын жоғары деңгейге жеткізу үшін ең алдымен банктердегі проблемалық несиелер көлемін төмендету қажет. Бұл бағытта соңғы жылдары оң өзгерістер орын алуда. Атап айтқанда, төлеу мерзімі өткен және NPL 90+ несиелердің жалпы несие портфеліндегі үлестері 2013 жылы 34,5% және 31,4% құраса, 2015 жылы бұл көрсеткіштер сәйкесінше 13,6% және 8% дейін төмендеді. Сонымен қатар, Қазақстан банк жүйесінде Базель III стандарттарын енгізуде банк секторының тұрақтылығын қамтамасыз етуіне оң әсерін тигізеді. Базель III стандарттары қазақстандық пруденциалды норматив көрсеткіштерінен әлдеқайда қатаң талаптар қояды, оның Базель III-те 2 мүлде жаңа нормативті талаптар енгізілу күтілуде:

- Өтімділікпен қамтамасыз ету коэффициенті (Liquidity Coverage Ratio, LCR)

- Таза тұрақты қаржыландыру көрсеткіші (Net Funding Stability Ratio, NFSR).

Мұндай көрсеткіштердің енгізілуі банктердің өтімділік пен қаржыландыру жағдайын тұрақтандыратыны сөзсіз.

Сонымен қатар, банктің банкроттылығы жағдайында қолдана алатын қайта құру туралы жоспарларының бар болуы ерекше маңызды; коммерциялық банктердің несиелік операцияларын жетілдірудің мынадай негізгі бағыттарын көрсетуге болады: 1) коммерциялық банктердің нақты секторды несиелеуді арттыруы, 2) несиелеу мәселесінде кепіл механизмінің жетілдіру, 3) нарықтық экономикада шағын және орта бизнестің несиелерге сұранысы түрлі қаржыландыру көздері мен сызбаларын пайдалану арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті ынталандыру мен қолдаудың арнайы механизмін ҚР Үкіметімен бірлесе отырып құру; 4) несиенің қайтарылуына бақылау жасау кезінде банктің несиелік қызметкері жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер бойынша кәсіпорынның жағдайын тұрақты түрде талдап отыруы қажет; 5) банктер үшін экономиканың нақты секторын ұзақ мерзімді несиелеуді ынталандыру.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманбаев С. Қ., Аитимова Ш. Т., Молдакенова Е. К. Экономикалық теория. – Алматы: «Б. о. ж.», 2011.-334 бет.
2. Герасимова Е.Б. Феноменология анализа финансовой устойчивости коммерческого банка // Банковское дело. – №15. 2008
3. Отчет о финансовой стабильности Национального банка Республики Казахстан за 2015 год <http://www.nationalbank.kz>